

## ХАТТАМА

Атырау қаласы  
«29» қыркүйек 2023 жыл

**«2023 жылдың тамыз айында сыбайлас жемқорлық тәуекелділеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау өткізу туралы»**

Төраға: директор Б.Р. Ахметова

Қатысқандар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелділеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының төрағасы З.Т.Елешова директор орынбасары.,

жұмыс тобының мүшелері;

заңгер-комплеанс офицер З.Қаратаева

бас бухгалтер Искиндинова Б.Ш.

кадр бөлімінің басшысы Шаухимова А.№

бас медбике, бөлім менгерушілері, аға медбикелер

### КҮН ТӘРТІБІ

«№5 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ны тамыз айында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелділеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша қоғамдық талқылау.

**Емхана комплеанс офицері З.Қаратаева сөз бастады:**

2023 жылғы 3 төқсанға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі жұмыс тобымен емхана сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді.

Жүргізілген мониторинг бойынша сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдер анықталмағанын айтып, алдағы уақытта заң бұзышылық болдырмаудың алдын алу үшін, емханада сыбайлас жемқорлық тәуекелділерін азайту бойынша ұсынымдар берілді, атап айтқанда:

1) емхана қызметкерлерінің барлық лауазымдық нұсқаулықтарына міндеттерді енгізуді қамтамасыз ету:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

- емхана аумағында өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылықтар жасауға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір

адамдардың жүгіну фактілері туралы және т.б. басшылықтың назарына дереу жеткізу.

2) Барлық қызметкерлерден сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама сұрау.

3) Ғимараттың аумағы мен периметрі бойынша камералар санының ұлғайту және Бейнебақылау жүйелерін күшейту.

Төрағалық етуші емхана директоры Ахметова Б.Р. сөз жалғастырды:

Айтылғандардың негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс – сапар жоспарын бекітті, онда орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілген.

Комплеанс офицер



**З.Қаратаева**

Хатшы



**Шаухимова А.**